

## БӨЛІМ: ЭССЕ

## “Менің кәсібім-менің болашағым”

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.06.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/157536/

## Қайрат Аяулым Айдарқызы

Мамандықты дұрыс таңдау өмір жолының сәттілігінің негізі.

(Э.Ф.Зеер)

Мамандық таңдау-адам өміріндегі ең маңызды, жауапты қадам. “Өз ісінің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да-игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн”- деп, әлемге әйгілі ойшыл Әл-Фараби бабамыз айтқандай, үлкен өмірге қадам басар кезімізде жақындап келеді.

Менің ойымша, мамандық таңдау-адамның өміріндегі жауапкершілігі мол кезең. Өйткені болашақтағы өмірің осыған байланысты болады. Мамандық таңдауда адам өзінің сенімі, жүрек қалауы, түйсігі болуы тиіс. Кейін ол мамандықтың саған қаншалықты жақын екенін, қоғамда көп қажет ететініне көз жеткізу керек.

Менің таңдауым-журналистика мамандығы. Журналист деген тек ақиқатты айтып, әділдікті жақтап, халықтың қамын ойлайтын, болып жатқан жағдайды шынайы жеткізетін қарапайым білімді адам. Журналист болу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Себебі бұл мамандық шыдамдылық пен тапқырлықты, батылдықты қажет етеді. Дегенмен, әр адам өзінің арманы үшін күресу керек. Осы мамандық туралы мен кішкентай кезімнен бері армандап, қызығып келемін. Жаныма жақын, маған ерекше болып көрінгендіктен осы мамандық арқылы жарқын болашағымды елестете аламын.

“Қоғамдағы құбылыстарды зерттеп-зерделеу жолында өзіңнің күшің мен уақытыңды аямайтын дәрежеге жеткенде, өзіңнің шын талантыңмен армандарды баурап алатын шабытың шыңдалғанда ғана жақсы журналист бола аласың” — деп, көбісі айтып жатады. Егер өзің таңдаған мамандықты ұнатып тұрсаң, сен үшін бәрі оңай болады. Менде шығармашылық талантымды шыңдап, болашақта қоғамға адал қызмет ететін журналист болуды армандаймын. Ол үшін көп ізденіп, еңбектену қажет. Соның арқасында ғана, көзі ашық, көкірегі ояу, елге танымал маман иесі болатыныма

сенімдімін. Сол сияқты өзім де үлкен сеніммен болашақта журналист болуды алдыма мақсат етіп отырмын.

Қорыта айтқанда, журналистика мамандығы-қиындығымен қызығы қатар жүретін, көп ізденісті талап ететін сала екенін біле отырып, өз арманымға жету үшін барынта-жігерімді таңдаған мамандығыма арнаймын.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.